

**Кімге:** ҚР Қаржы министрлігі

**Автор:** Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының жұмыстарды сатып алу бөлімінің бас маманы Шахизат Нұрзиат Бекжанұлы.

**Орындаған күні:** 08.11.2024 жыл.

### **Аналитикалық жазба**

**Тақырыбы:** Қармақшы ауданының тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алуларға талдау.

**Кілт сөздер:** мемлекеттік сатып алу, конкурс, цифрландыру, сыбайлас жемқорлық, заңнама, баға ұсыныстары, электронды сатып алу, веб-портал.

**Кіріспе:** Мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сектор шығыстарының тиімділігін қамтамасыз етуде тікелей рөл атқарады. Мемлекеттік саясаттың мақсатына қол жеткізудің, мемлекеттік шығыстарды азайтудың және азаматтардың сенімін нығайтудың маңызды тетігі ретінде мемлекеттік сатып алуды үнемі же тілдіру қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыда мемлекеттік сатып алу жүйелерін дамытудың басты мақсаты оларды жоспарлаудың, сатып алу рәсімдерін ұйымдастырудың және тұтынушыларға ұсыну дың тиімділігін арттыру болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттік және жеке секторлар үшін қайталанатын процестерді жою, инновациялық цифрлық басқару құралдары арқылы сатып алу тәжірибесін өзгерту және шешім қабылдау үшін деректерді әзірлеу — бұл ХХІ ғасырдағы қазіргі заманғы мемлекеттік сатып алу жүйесінің маңызды элементтері.

### **Ағымдағы жағдайды талдау**

Қармақшы аудан әкімдігіне қарасты **45** тапсырыс берушінің жылдық жоспарларында **2632 (20 910,1 млн. теңге)** мемлекеттік сатып алу тиесілі, **10,8%** пайызын құрап отыр.

Атап айтқанда:

- **392** сатып алу (56,5 млн. теңге) **орындалған (14,9 %)**;
- **1455** сатып алуға (5 061,9 млн. теңге) **шарт жасалған (55,2 %)**;
- **86** сатып алу (1 460,8 млн. теңге) **шарт жасау сатысында (3,3 %)**;
- **58** сатып алу (11 755,3 млн. теңге) **жарияланған (2,2 %)**;

- **643** сатып алу (2 804,7 млн. теңге) **жоспарланған (24,4 %)**, оның ішінде: 253 (580,8 млн. теңге) қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым айларында жоспарланған (32,8 %).

**Түрі бойынша:**

- **2632 (20 910 млн. теңге)** сатып алудың;
- **1891** сатып алуы (414,1 млн. теңге) **тауар (71,8 %)**;
- **131** сатып алуы (19 809,1 млн. теңге) **жұмыс (5 %)**;
- **610** сатып алуы (687,7 млн. теңге) **көрсетілетін қызмет (23,2 %)**.

**Жалпы сатып алулар тәсілі бойынша:**

- **77** сатып алу (5 503,6 млн. теңге) **ашық конкурс (2,9 %)**;
- **5** сатып алу (20,8 млн. теңге) **алдын ала біліктілікті іріктеу арқылы өткізілетін конкурс (0,2 %)**;
- **67** сатып алу (14 528,4 млн. теңге) **рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс (2,5 %)**;
- **19** сатып алу (119,3 млн. теңге) **мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу (0,7 %)**;
- **8** сатып алу (101,7 млн. теңге) **тұрғын үй сатып алу (0,3 %)**;
- **125** сатып алу (38,7 млн. теңге) **негіздемелік келісімдер пайдаланылатын конкурстың екінші кезеңі (4,8 %)**;
- **593** сатып алу (286,3 млн. теңге) **баға ұсыныстарын сұрату (22,5 %)**;
- **1566** сатып алу (84,7 млн. теңге) **электрондық дүкен (59,5 %)**;
- **172** сатып алу (227,4 млн. теңге) **бір көзден алу (6,5 %)**;

**Сақтандыру бойынша:**

Бүгінгі күнге облыс әкімдігіне бағынысты тапсырыс берушілер тарапынан сақтандыру қызметі бойынша жалпы сомасы **242** млн. теңгені құрайтын **555** мемлекеттік сатып алу жоспарланған.

Оның ішінде Қармақшы ауданы әкімдігіне қарасты тапсырыс берушілеріне **4,8%** тиесілі, 2024 жылға **сақтандыру қызметтері** бойынша **27** мемлекеттік сатып алу (**673 918,46** теңге) жоспарланған.

Оның ішінде **9** сатып алу (**143 609,42** теңге) **ашық конкурс** тәсілімен жоспарланған (мамыр-қазан айларында сатып алуды жариялау жоспарланған);

**18** сатып алу (**530 309,04** теңге) **баға ұсыныстарын сұрату** тәсілімен жоспарланған.

**1** сатып алу (**18 732,0** теңге) жарияланған;

**26** сатып алу (**655 186,46** теңге) наурыз-қараша айларында сатып алуды жариялау жоспарланған.

**Сотқа талап арыз беру :**

Қармақшы ауданы әкімдігіне қарасты тапсырыс берушілер бойынша 2024 жылы 6 сот процестері жүргізілуде (мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру, мемлекеттік мекемесінен берешегін өндіру, шарт бойынша жұмыстарды аяқтауды міндеттеу).

Оның ішінде 2-еуі бойынша іс жүргізілуде, 2-еуі бойынша қанағаттандырудан бас тартылды, 1-еуі ішінара қанағаттандырылды.

### **Камералдық хабарламалар бойынша:**

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінен **80** камералдық хабарламалар келіп түскен.

Оның ішінде, Қармақшы ауданы әкімдігіне қарасты тапсырыс берушілер бойынша **6,25%** құрайтын **5** камералдық хабарламалар (**69 099 706,56** теңге) түскен.

Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында айрықша жағдайларды дәлелдейтін құжаттары тіркелмеген. Хабарламаларға сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер енгізілген.

1) *Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі 3 камералдық хабарлама - 59 783 749,99 теңге;*

2) *Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі 1 камералдық хабарлама - 2 594 528,0 теңге;*

3) *Қармақшы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі 1 камералдық хабарлама - 6 721 428,57 теңге;*

**Электр, электр қуатын тарату/басқару жабдықтарына техникалық қызмет көрсету бойынша:**

Қармақшы ауданы әкімдігіне қарасты тапсырыс берушілермен 2024 жылға **электр, электр қуатын тарату/басқару жабдықтарына техникалық қызмет көрсету** бойынша **8** мемлекеттік сатып алу (**6 265 865,43** теңге) жоспарланған.

Оның ішінде **6** сатып алу (**2 807 612,43** теңге) **ашық конкурс** тәсілімен жоспарланған (мамыр-шілде айларында сатып алуды жариялау жоспарланған);

**2** сатып алу (**3 458 253,0** теңге) **баға ұсыныстарын сұрату** тәсілімен жарияланып, шарт жасалған.

**Құрылыс-монтаждау жұмыстары және құрылыспен байланысты емес жұмыстар бойынша техникалық қадағалау қызметтеріне мемлекеттік сатып алу бойынша:**

Қармақшы ауданы әкімдігіне қарасты тапсырыс берушілермен 2024 жылға **техникалық қадағалау қызметтері қамтылған құрылыс-монтаждау жұмыстары және құрылыспен байланысты емес жұмыстар (бұдан әрі-құрылыс Құрылыс жұмыстары)** бойынша **37** сатып алу (**5 035 632 211,29** теңге) жоспарланған.

**23** Құрылыс жұмыстарына (**4 531 694 288,99** теңге) шарт жасалған және шарт жасалуда, сәйкесінше **2** нысанның **техникалық қадағалау қызметтеріне келісім шарт жасалмаған.**

1) *«Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Төретам елді мекенінде тартылатын газ құбыры мен орам ішіндегі газ тарату желілерінің құрылысы», сомасы- 1 189 730 044,25 теңге,*

*техникалық қадағалау қызметтері жоспарда бекітілмеген;*

2) *Қызылорда облысы Қармақшы аудандық маңыздағы Қызылтам елді мекеніне кіре беріс автомобиль жолын қайта жаңғырту, ҚЖ сомасы- 668 278 168,0 теңге,*

*техникалық қадағалау қызметтері жоспарда бекітілген, қаржысы бөлінбеген;*

**3 Құрылыс жұмыстарына (242 813 660,0 теңге) жарияланған, сәйкесінше 1 техникалық қадағалау қызметі жарияланбаған.**

1) Қармақшы ауданы, Төретам кенті Жаңқожа батыр көшесі бойындағы арық желілерін ағымдағы жөндеу, ҚЖ сомасы- 2 365 980,0 теңге, 22.04.2024 ж. Жарияланған, техникалық қадағалау қызметі (31 941,0 теңге) сәуір айында жариялау жоспарланған, өтінім жобасы мәртебесінде.

**11 Құрылыс жұмыстарына (261 124 262,3 теңге) сәуір айында жариялау жоспарланған, сәйкесінше техникалық қадағалау қызметтеріне келісім шарт жасалмаған.**

1) Қармақшы ауданы, Жосалы кентіндегі көшелердің автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу жұмыстары, ҚЖ сомасы- 23 969 420,00 теңге, техникалық қадағалау қызметі жылдық жоспарға бекітілмеген.

**Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша:**

Қармақшы ауданы әкімдігіне қарасты тапсырыс берушілермен **172** мемлекеттік сатып алу **225 222 563,59** теңгеге тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру жоспарланған.

Атап айтқанда:

**Заңның 39-бабы 3-тармағының 1) тармақшасымен** (табиғи монополия салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтерін сатып алу немесе электр энергиясын кепілдендірген берушімен қоса электр энергиясын сатып алу-сату)- **91** сатып алу (**51 578 248,66** теңге) жүзеге асырылып, шарт жасалған;

**Заңның 39-бабы 3-тармағының 3) тармақшасымен** (сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ жоба алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеген тұлғадан осы жоба алдындағы немесе жобалау-сметалық құжаттаманы түзету жөніндегі жұмыстарды сатып алу)- **1** сатып алу (**8 509 285,71** теңге) жүзеге асырылып, шарт жасалған;

**Заңның 39-бабы 3-тармағының 3б) тармақшасымен** (Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу)- **49** сатып алу (**108 439 327,33** теңге) жүзеге асыру жоспарланған.

оның ішінде:

**40** сатып алу (**76 349 297,16** теңге) шарт жасалған, **9** сатып алу бойынша (**32 090 030,17** теңге) сәуір-қараша айларында шарт жасау жоспарланған.

**Заңның 39-бабы 3-тармағының 48) тармақшасымен** (тиісті авторлардың күрделі құрылыс объектілерінің жобалау құжаттамасын әзірлеуді авторлық қадағалау, күрделі құрылыс объектілерінің құрылысын, оларды реконструкциялау мен күрделі жөндеуді авторлық қадағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу);- **25** сатып алу (**43 637 631,89** теңге) жүзеге асыру жоспарланған.

оның ішінде:

**20** сатып алу (**16 402 423,89** теңге) шарт жасалған, **5** сатып алу бойынша (**27 235 208,0** теңге) мамыр-тамыз айларында шарт жасау жоспарланған;

**Заңның 39-бабы 3-тармағының 50) тармақшасымен** (егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілікті осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса, жүзеге асырылады.)- **6** сатып алу (**13 058 070,00** теңге) асырылып, шарт жасалған.

#### **Қармақшы ауданы бойынша жобалар:**

Қармақшы ауданында алдағы уақытта қаржыландырылатын сараптамадан өткен **56** жоба бар (**16,3** млрд. теңге).

- 1) Спорт саласы бойынша- 2 жоба (721,5 млн. теңге);
- 2) Тұрғын үй құрылысы және инженерлік желілері бойынша- 7 жоба (2 111,04 млн. теңге);
- 3) Мәдениет саласы бойынша- 2 жоба (911,65 млн, теңге);
- 4) Инженерлік инфрақұрылым желілер-2 жоба (764,30 млн. теңге);
- 5) Елді мекендерді газбен қамтамасыз ету бойынша-1 жоба (7172,0 млн. теңге);
- 6) Жол құрылысы (жөндеу жұмыстары) бойынша-32 жоба (4 045,29 млн. теңге);
- 7) Көшелерді жарықтандыру бойынша – 10 жоба (574,9 млн. теңге).

#### **Негізгі мәселелер:**

##### **Әкімшілік құқық бұзушылық туралы:**

Қызылорда облысы бойынша **285** (**15,8** млн.теңге) жергілікті атқарушы органның жауапты мамандары жауапкершілікке тартылған. Оның ішінде Қармақшы ауданы әкімдігіне қарасты мекеме мамандарына **4,2%** құрайтын **12**(4 ауыл әкімі, 5 маман, 3 штаттан тыс қызметкер) (**0,7** млн.теңге) әкімшілік құқық бұзушылық тиесілі.

Яғни атап айтқанда, заңдылықтың **207-бабы 1- тармағына сәйкес 11** (**0,6** млн.теңге) әлеуетті өнім берушілерге тиесілілігін айқындайтын сипаттамаларына нұсқау жасау бойынша бұзушылыққа жол берген. Ал, кодекстің **207- 10 бабы** бойынша **1(0,1** млн.теңге) сотқа жүгінбеуі немесе уақытылы жүгінбеуі бойынша бұзушылық орын алған.

**Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында жылдық жоспардағы қателер бойынша:**

Ақжар ауылдық округі А.Құнанбаев көшесінің құрылысы өтпелі нысанға (189 137 176,35 теңгеге, ҚҚС қоса есептегенде) 2023 жылы

рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс өткізіліп (06.11.2023 ж. жарияланып, 04.12.2023 ж. қорытынды хаттама), шарт жасасқан. 02.02.2024 жылы №32/1 қосымша келісім шарт жасасқан.

Осы өтпелі нысанның техникалық қадағалау қызметіне 2024 жылы ашық рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс өткізілген (16.02.2024 ж. жарияланып, 03.04.2024 ж. қорытынды хаттама) (5 263 569,92 теңге) қосымша келісім шарт жасалмаған, жылдық жоспарға өтпелі нысан болып бекітілмеген.

Бұл ретте, жүргізіліп отырған мониторинг нәтижелері жіберілгеніне қарамастан, алайда кемшіліктер анықталуда.

2024 жылдың **шілде** айында Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарларында жоспарланған **61,3 млн. теңге** сомасына конкурс, аукцион, біліктілік алдын ала іріктеу және рейтинг-балдық жүйе тәсілдерімен қаржы жылынан аспайтын **9 сатып алуды жарияламағаны** анықталды, оның ішінде.:

*Жұмыс-48,1 млн. теңге сомасына 5 сатып алу;*

*Қызмет-13,1 млн. теңге сомасына 4 сатып алу.*

#### **Бас тартылған сатып алулар туралы:**

Қызылорда қаласы әкімдігіне қарасты тапсырыс берушілермен 2024 жылы жоспарланып, мемлекеттік сатып алудан **бас тартылған** сатып алу саны **8 сатып алу (635,7 млн. теңге)** тіркелген.

Атап айтқанда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 10-тармағының 1 тармақшасына сәйкес **4** сатып алу, 5-бабының 13-тармағының 1 тармақшасына сәйкес **4** сатып алу тіркелді.

Тәсілі бойынша :

**2** сатып алу (249,3 млн. теңге) **ашық конкурс;**

**2** сатып алу (385,8 млн. теңге) **рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс;**

**2** сатып алу (0,3 млн. теңге) **баға ұсыныстарын сұрату;**

**2** сатып алу (0,2 млн. теңге) **бір көзден сатып алу.**

#### **Күші жойылған сатып алулар туралы:**

Қармақшы ауданының тапсырыс берушілердің **21,5** млн. теңге сомасына **33** сатып алудың күші жойылғандығы анықталды, атап айтқанда келесі себептер бойынша:

*техникалық ерекшелікте ұлттық стандарттардың көрсетілмеуі-10,1 млн теңгеге 6 сатып алу;*

*мүгедек ұйымдардың құқықтарының бұзылуына байланысты - 11,4 млн.теңгеге 27 сатып алу;*

#### **Ұсыныстар:**

Жоғарыдағыларда айтылғандардың негізінде, мемлекеттік сатып алулар бойынша бұзушылықтардың алдын алу мақсатында келесідей шараларды қабылдау ұсынылады:

1. Жылдық жоспарға сәйкес әр айға бекітілген сатып алулар бойынша өтінімдердің мерзімінде жолдауды;
2. Дербес түрде сатып алудың күшін жою немесе олардан негізсіз бас тарту жағдайларын болдырмауды;
3. Мемлекеттік сатып алу саласындағы әкімшілік жауапкершілікті болдырмау мақсатында жүйелі түрде құқықтық оқытуларды ұйымдастыруды;
4. Басқармаға конкурстық өтінімді жолдау барысында заңда көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеудің алдын алуы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Мемлекеттік сатып алу веб-порталы - goszakup.gov.kz.
- 2.Google - <https://www.google.com/>.
3. <https://economy-vestnik.ksu.kz/apart/2022-108-4/15.pdf>,(М.К. Асанова, Г.А. Райханова, Р.А. Рахимжанова, С.Г.Серикбаева, А.Т. Жансейтов).
- 4.Аудандық экономика және қаржы бөлімінен тікелей алынған ақпарат.